**Автор**: Боқашбаева Маржан Диқанқызы
**Пән**: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Біздің өмірімізде алгоритмдер
**Тақырып**: Практикум. Аралас құжаттар құру

---

| | |
|---|---|
| Білімділігі: | Оқушыларға құжатқа сурет қою тәсілдерін үйрету аралас құжаттар құруды және аралас құжаттарға сурет қою тәсілдерін |
| Тәрбиелігі: | Логикалық ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. |
| Дамытушылық: | Оқушылардың есте сақтау және зейіндік қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру. |
| Сабақтың түрі: | Жаңа сабақты түсіндіру |
| Сабақтың көрнекілігі: | Практикалық |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың барысы: | А) Ұйымдастыру кезеңі<br>Б) Сабақ сұрау<br>В) Бағалау<br>Г) Жаңа сабақ<br>Д) Бекіту<br>Е) Үйге тапсырма<br>Ж) Қорытынды<br>Жаңа сабақ:<br>Бұл практикумның тапсырмаларын орындап, сендер аралас құжаттар құрасыңдар. Компьютердегі тәжірибелік жұмыс<br>**А деңгей** Шежіре ағашы<br>1. Paint графикалық редакторында ағаштың кескінін салыңдар.<br>Image not found or type unknown<br>Ол мындай болуы мүмкін<br><br>Сурет салатын рамкалар дайындаңдар және оларды ағашқа орналастырыңдар.<br>3. Ағаштың кескінін WordPad мәтіндік редакторына көшіріңдер. Ортасы бойынша түзеуді тағайындаңдар.<br>4. Суреттің алдына «Менің отбасы» тақырыбын қосыңдар. Әріпті өз қалауларың бойынша таңдаңдар.<br>5. Өз отбасыларың туралы әңгіме құраңдар (теріңдер).<br>6. Жұмысты өз бумаларыңда сақтап, мүмкіндігінше басып шығарыңдар. Шежіре ағашымен жұмысты үйде аяқтаңдар – туыстарыңның суреттерін желімдеңдер немесе редактордың көмегіен қосыңдар.<br>**В деңгейі**<br>1. Әңгімеден үзінді теріңдер.<br>2. Автордың тегін курсивпен, мәтін атауын жуан әріппен ерекшелеңдер<br>3. Бірінші жол үшін шегіністі 1 см етіп белгілеңдер.<br>4. Жануарлардың, құстар мен балық атауларының жанына Paint –те дайындалған кескіндерді кірістіріңдер.<br>5. Жұмысты өз бумаларыңда сақтап, мұғалімге көрсетіңдер.<br>**С деңгейі**<br>1. Өз отбасыларың туралы әңгіме дайындаңдар. Оны WordPad мәтіндік редактоында теріңдер.<br>2. Өз ата-аналарың мен туыстарыңның суреттерін дайындаңдар.<br>3. Ерекшелеу → Еркін аймақ сайманын пайдаланып Paint графикалық редакторында суреттерді қырқыңдар.<br>4. Суреттерді рамкаларға (мысалы, мынандай виньеткаға) орналастырыңар.<br>5. Графикалық редактордан көшіріп, мәтіндегі есімдердің жанына суреттер кірістіріңдер. 6. Мәтіннің алдына «Менің отбасым» тақырыбын қосыңдар. Оны өз қалауларың бойынша безендіріңдер.<br>Image not found or type unknown<br>7. Жұмысты өз бумаларыңда сақтаңдар және мұғалімге көрсетіңдер<br> | |
| Үйге тапсырма: (3мин) | **Бекіту** Компьютерде тәжірибелік жұмыстарын орындау<br>**Сабақты қорытындылау** Тәжірибелік жұмысты тексеру, сұрақтарды тақылап оларға жауап беру, бағалау<br>**Үйге тапсырма** Тәжірибелік жұмысты аяқтау | |